

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА ЖӘНЕ ӨҢДЕУГЕ КЕЛІСІМ

Мен осы құжат арқылы өз еркіммен және өз мүддемді көздей отырып, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050012, Төле би көш., 101 мекенжайы бойынша орналасқан «Мон’дэлис Қазақстан» ЖШС-не (БСН: 080240015871) (бұдан әрі – «Оператор»), келесі мақсаттарға қол жеткізу үшін: жарнамалық, жарнамалық-ақпараттық қызметтің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін менің жеке деректерімді (бұдан әрі – «ЖД») жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Осы Келісім менің келесі жеке деректеріме қатысты беріледі: тегі, аты, әкесінің аты; байланыс деректері (электрондық пошта мекенжайлары, ұялы телефон нөмірі).

Келісімді мен Операторға жеке деректерді автоматтандырылған өңдеу, автоматтандырылмаған өңдеу (автоматтандыру құралдарын қолданбай), жеке деректерді өңдеудің аралас тәсілі арқылы жүзеге асырылатын келесі іс-әрекеттерге қатысты беремін: жеке деректерді жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), толықтыру, пайдалану, алу, тарату, иесіздендіру, бұғаттау, жою және жою, шет мемлекеттердің аумағына трансшекаралық тасымалдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын ескере отырып, менің жеке деректеріммен кез келген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыру.

Осымен мен сондай-ақ менің жеке деректерім жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін (құпиялылықты сақтау және оларды өңдеу кезінде жеке деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шартымен) үшінші тұлғаларға, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: Mondelez International компаниялар тобының мүшелеріне, Оператордың тапсырмасы бойынша жеке деректерді өңдеуді жүзеге асыратын өзге тұлғаларға – соның ішінде деректерді трансшекаралық тасымалдау кезінде де берілуі мүмкін екендігіне келісемін.

Келісім берілді және жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізгенге дейін немесе мен осы келісімді қайтарып алғанға дейін қолданылады. Келісім оның қолданылу кезеңінде кез келген уақытта Оператордың consumercareeua@mdlz.com электрондық пошта мекенжайына оны қайтарып алу туралы жазбаша өтініш жіберу арқылы қайтарып алынуы мүмкін.

Келісім қайтарып алынған жағдайда, Оператор жеке деректерді өңдеуді тоқтатуға немесе мұндай өңдеудің тоқтатылуын қамтамасыз етуге (егер жеке деректерді өңдеу Оператордың тапсырмасы/тапсырысы бойынша әрекет ететін өзге тұлғамен жүзеге асырылса) және қайтарып алу келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде жеке деректерді жоюға немесе олардың жойылуын қамтамасыз етуге (егер жеке деректерді өңдеу Оператордың тапсырмасы/тапсырысы бойынша әрекет ететін өзге тұлғамен жүзеге асырылса) міндетті, бұған Оператор «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында немесе Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінде көзделген негіздер бойынша жеке деректер субъектісінің келісімінсіз жеке деректерді өңдеуді жүзеге асыруға құқылы жағдайлар қосылмайды.

Мен жеке деректерді өңдеуге келісім беруден бас тартқан немесе келісімді қайтарып алған жағдайда, Оператордың өңдеудің тиісті мақсатына қол жеткізуі қиындауы немесе мүмкін болмауы мүмкін екенін түсінемін.